

Сыртқы аудитор туралы мәліметтер

«Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2022 жылғы 20 қаңтардағы №05/22 хаттама, шешіміне сәйкес «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-тың (бұдан әрі – ҚМГ) 2022-2024 жылдардағы шоғырландырылған және жеке қаржылық есептілігінің аудитні жүзеге асыратын аудиторлық ұйым «Эрнст энд Янг» ЖШС (бұдан әрі – Сыртқы аудитор) болып анықталды.

2022-2024 жылдардағы қаржылық есептілік аудиті бойынша көрсетілетін қызметтерді ұзақ мерзімді сатып алу жөніндегі 2022 жылғы 22 ақпандағы №172-27 шарттың (бұдан әрі – Шарт) сомасы ҚҚС-ны есептегенде 1 665 416 мың теңгені құрайды және аудиторлық қызметтер көрсетуге байланысты барлық шығыстарды қамтиды, оның ішінде:

- 2022 жыл – 518 432 мың теңге;
- 2023 жыл – 554 865 мың теңге;
- 2024 жыл – 592 119 мың теңге.

Шартқа сәйкес 2022-2024 жылдарға арналған Сыртқы аудитор көрсететін қызметтердің тізбесі:

- ISRE 2410 сәйкес шолу бойынша есепті шығара отырып, №34 БЕХС-қа сәйкес дайындалған, 2022 жылдан бастап 2024 жылға дейінгі аралықта әрбір қаржы жылының 1 қаңтарынан 31 наурызына дейінгі кезең ішіндегі шоғырландырылған қаржылық есептілікке шолу жүргізу;

- ISRE 2410 сәйкес шолу бойынша есепті шығара отырып, №34 БЕХС-қа және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобының корпоративтік есеп саясатына/«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ есеп саясатына сәйкес дайындалған, 2022 жылдан бастап 2024 жылға дейінгі аралықта әрбір қаржы жылының 1 қаңтарынан 30 маусымына дейінгі кезеңдегі шоғырландырылған және жеке қаржылық есептілігіне шолу жүргізу;

- «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының (бұдан әрі – Қордың пакеті) шешімімен бекітілген нысандар бойынша дайындалған 2022 жылдан 2024 жылға дейінгі аралықта әрбір қаржы жылының 1 қаңтарынан 30 маусымына дейінгі кезеңдегі шоғырландырылған қаржылық есептілік пакетіне шолу жүргізу;

- ISRE 2410 сәйкес шолу бойынша есепті шығара отырып, №34 БЕХС-қа сәйкес дайындалған, 2022 жылдан бастап 2024 жылға дейінгі аралықта әрбір қаржы жылының 1 қаңтарынан 30 қыркүйегіне дейінгі кезеңдегі шоғырландырылған қаржылық есептілікке шолу жүргізу;

- Қордың пакетіне сәйкес дайындалған 2022 жылдан 2024 жылға дейінгі кезеңдегі жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікке аудит жүргізу;

- 2022 жылдан 2024 жылға дейінгі кезеңде әрбір қаржы жылының 31 желтоқсанында аяқталатын жағдай және жыл бойынша жеке және шоғырландырылған қаржылық есептілікке аудит жүргізу және ҚЕХС және ҚМГ компаниялар тобының корпоративтік есеп саясатына/ҚМГ есеп саясатына сәйкес дайындалған жеке және шоғырландырылған қаржылық есептілік бойынша жыл сайынғы аудиторлық есепті ұсыну;

- 2022 жылдан 2024 жылға дейінгі кезеңде әрбір қаржы жылының 31 желтоқсанында аяқталатын жағдай және жыл бойынша жеке және шоғырландырылған қаржылық есептілікке аудит жүргізу және «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» ҚР Заңына сәйкес ҚР уәкілетті мемлекеттік органының нормативтік актісімен бекітілген тізбе мен нысандарға сай жекелеген және шоғырландырылған қаржылық есептілік бойынша жыл сайынғы аудиторлық есепті ұсыну;

- бухгалтерлік және салықтық есепке алуды жүргізу мәселелері бойынша консультацияларды, ҚМГ Директорлар кеңесінің Аудит комитетіне және ҚМГ басшылығына есепті жыл ішіндегі қаржылық есептілік аудитінің нәтижелері бойынша таныстырылымдарды қамтитын ілеспе қызметтерді көрсету.

Сыртқы аудитордың 2022 және 2023 жылдары ҚМГ мен ҚМГ тобының компанияларына көрсеткен **аудиторлық емес қызметтерінің үлесі** Сыртқы аудитордың ҚМГ мен ҚМГ тобының компанияларына көрсеткен аудиторлық қызметтер үшін сыйақының жалпы сомасынан 2,1% және сәйкесінше 3,4% құрады.